

**Эпизодтық сипатқа ие кәсіпкерлік қызметтің жекеленген түрлеріне және Бұқар жырау ауданының базарларындағы бір жолғы талондардың құнын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 13 сессиясының 2009 жылғы 31 наурыздағы N 6 шешімі. Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 24 сәуірде N 8-11-74 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихаты аппаратының 2011 жылғы 06 сәуірдегі N 1-10/83 хатымен)

*Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды ( Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихаты аппаратының 2011.04.06 N 1-10/83 хатымен).*

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабының 6 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2011 жылдың 1 қаңтарына дейінгі кезеңде Бұқар жырау ауданы базарларындағы (1 қосымша) және эпизодтық сипатқа ие кәсіпкерлік қызметтің жекеленген түрлері үшін (2 қосымша) бір жолғы талондардың құны белгіленсін.

2. "Эпизодтық сипатқа ие кәсіпкерлік қызметтің жекеленген түрлеріне және Бұқар жырау ауданының базарларындағы бір жолғы талондардың құнын белгілеу туралы" Бұқар жырау аудандық Мәслихатының 2 сессиясының 2003 жылғы 27 қарашадағы N 6 шешімі күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 1343 болып енгізілген, " Сарыарқа" аудандық газетінде 2003 жылғы 27 желтоқсандағы N 52 санында жарияланған) .

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат хатшысы*

Б ұ қ а р  
а у д а н д ы қ

*С е с с и я            т ө р а ғ а с ы н ы ң  
м і н д е т т е р і н            а т қ а р у ш ы ,  
А. ЖҮНІСПЕКОВ*

ж ы р а у  
М ә с л и х а т ы н ы ң



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК